

2009 жылдың көктемі-күзінде 1982-1991 жылдары туған азаматтарды әскери қызметке кезекті шақыру туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 8 маусымдағы N 1455 қаулысы. Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әділет басқармасында 2009 жылдың 18 маусымда N 3-1-113 тіркелді. Орындау мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 12 ақпандағы № 07-7/397 хатымен

Ескерту. Орындау мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2010.02.12 № 07-7/397 хатымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 779 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 18, 19, 20, 21, 23, 44 баптарына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі шақыру кезеңінде 18 жасқа толған және мерзімді әскери қызметке шақырылуын кейінге қалдыру құқығы жоқ, сол сияқты шақырылуын кейінге қалдыру құқығын жоғалтқан ер азаматтарды 2009 жылғы сәуір-маусымда және қазан-желтоқсанда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне шұғыл әскери қызметке шақыруды жүзеге асырсын.

2. Қалалық шақыру комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ақтөбе қаласы бойынша денсаулық сақтау бөлімі (М.Нұртазин келісім бойынша) «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі қарамағына:

1) шақырылушыларға медициналық куәландыруды жүргізу үшін дәрігер-мамандар мен медбикелер және дәрігер-мамандардың резервтік құрамын б ө л с і н ;

2) 2009 жылғы 1 сәуірден 1 қазанға дейінгі аралықта «Ақтөбе қаласы

қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесіне диспансерлік есепте тұрған адамдардың тізімін, сол сияқты ауыратын шақырылушылардың жеке карталарын (Ф.025у) жеткізсін;

3) қажет болса «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жолдамасы бойынша шақырылушыларды қосымша медициналық тексеруден өткізу қамтамасыз етсін, ол үшін бекітіліп берілген емдеу-профилактикалық ұйымдарға төсек-орынның қажетті санын бөлсін;

4) шақыру кезінде стационарлық емделуде жатқан шақырылушылар туралы үш күннің ішінде «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесіне хабарласын.

4. Ақтөбе қалалық әділет басқармасы (Б.Ерімбетов келісім бойынша) әскери есепке алу құжаттарында әскерге шақырушылардың әскери есепке алынғаны немесе әскери есептен шығарылғаны туралы белгілері болған жағдайда тұрғылықты жайларына тіркеу мен шығаруды іске асырсын.

5. Қалалық ішкі істер басқармасы (Е.Есмаханов келісім бойынша)

1) шақырудың барлық кезеңінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті сақтау үшін екі адамнан тұратын полиция нарядын бөлсін;

2) әскери міндетті орындаудан бас тартушы адамдарды іздестіру және ұстау жүргізсін;

3) жеті күндік мерзім ішінде «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесіне анықтама немесе алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан әскерге шақырылушылар туралы хабарласын;

6. Меншік түріне қарамастан кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және оқу орындарының басшыларына әскерге шақырылушыларды іссапардан (еңбек демалысынан) шақырып алу, оларға хабарлауды ұйымдастыру және олардың шақыру учаскесіне дер кезінде келуін қамтамасыз ету ұсынылсын.

7. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (А.Арынғазиева) қызметкерлер бөлсін.

8. Селолық округтер әкімдері «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша шақырылушыларға шақыру учаскесіне шақырылуы туралы хабарлауды және осы шақыру бойынша дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

9. Қала әкімі аппаратының әлеуметтік сала және мәдени дамыту мониторингі бөлімі (М.Кабыл) және «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің әскерге шақыру бөлімінің бастығымен (Б.Бахаев) бірлесіп шақырылушылар арасында тәрбие жұмыстары бойынша шаралар өткізсін.

10. Шақыруды жүргізу кезінде шақыру учаскесіне жұмыс істеуге жолданған шақыру комиссиясы мүшелерінің, медициналық, техникалық қызметкерлердің жұмыс орны, лауазымы, орташа жалақысы сақталсын.

11. «Қалалық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Р.Айдашева) шақыру бойынша шараларды орындауға байланысты шығындарды қаржыландыруға қаржы бөлсін.

12. «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі (Т.Бөлтеев) қала әкіміне 2009 жылдың 5 шілдесіне және 2010 жылдың 5 қаңтарына шақыру қорытындылары бойынша ақпарат берсін.

13. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.М.Қалдығұловаға және «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бастығы Т.Бөлтеевке жүктелсін.

14. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

А.Мұхамбетов

Қ а л а

ә к і м д і г і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

8

м а у с ы м д а ғ ы

№

1 4 5 5

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қалалық шақыру комиссиясының құрамы

Бөлтеев

- «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері

Теміржан Көптілеуұлы

жөніндегі басқармасы»

мемлекеттік мекемесінің

бастығы, комиссия төрағасы

Оразаев

- қала әкімі аппаратының

Жолдас Жарасұлы

әлеуметтік сала және мәдени

дамыту мониторингі бөлімінің

бас маманы, комиссия төрағасының

орынбасары

Комиссия мүшелері:

Нұрғалиев

- қалалық ішкі істер басқармасы

Бақытжан Дауылбайұлы

бастығының орынбасары

Оразаева

- № 2 кеңес беру - диагностикалық

Гүлжиян Рақымғалиқызы

емханасы бас дәрігерінің

медицина бөлімі жөніндегі

орынбасары, медициналық

комиссияның төрайымы

Сухобрус

Наталья Михайловна

комиссия хатшысы

- № 3 кеңес беру-диагностикалық
емханасының мейірбикесі,

Резерв:

Бахаев

Бекжан Өтесінұлы

- «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері
жөніндегі басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің келісім
шарт бойынша әскери қызметке
алынушылар мен әскерге
шақырылушыларды жинақтау
бөлімінің бастығы, комиссия

төрағасы

Қабыл

Мадьяр Рақымжанұлы

- қала әкімі аппаратының
әлеуметтік сала және мәдени
дамыту мониторингі бөлімінің

бастығы

Резервтік комиссия мүшелері:

Әлиев

Қанат Сәбетұлы

бөлімшесінің бастығы

- Ақтөбе қаласы ішкі істер
басқармасы қоғамдық қауіпсіздік

Иманбердиева

Роза Арстанбековна

емхананың дәрігер-терапевті

Байтерекова

Жанар Жағыпарқызы

комиссия хатшысы

- № 1 кеңес беру-диагностикалық
емхананың дәрігер-терапевті
- дәрігерлік жедел жәрдем емханасы
қабылдау бөлмесінің мейірбикесі,